



Акын Тезекбай
АМАНДЫҚҰЛЫ

ЖАСТЫҚТЫ АҢСАУ

Шалқыған жалын күндер сағым
қуып,
Алардай аскарларды бағындырып.
Арынды арғымақтай асау шақтар,
Кетің-ау оралмасқа сағындырып.

Өрт кезең кетің ауып бастан
оңай,
Арғымақ жылдар артқа тастағаны-ай!
Жалынын жел өшірген өрт секідді,
Жүдетіп көңілімді, жасқағаны-ай!

Есесін жібермейтін көлденеңге,
Кәусарды оңай табар шөлдегенде.
Шаң қауыш қайран басым қала берді,
Ілеспей көңіл дейтін көк дөненге.

Өмірің басқа арнаға бетін бұрып,
Көңілді ексіттің ғой жетім қылық.
Әттең-ай, бұла шағым сездірмепті-ау,
Өтерін омындырып, өкіндіріп!

Аңсаттың, аңсаттың ғой,
арманды шақ,
Жайыпсың аз уақыт жалған құшақ!
Өткізіп көктем, жазды, күзге ұрындым,
Тоналған қазан ұрып, орман құсап!

Жанталас жүгіреміз төбемізде
Күн барда.

Ұзақты күн тіршілік үшін
арпалысып, жанды жеп,
Түнді өткізіп қуанамыз ұйқымыз
бір қанды деп.
Қара түннің қойнына тілек тілеп
кіреміз,
Аман-есен атырса екен
келетұғын танды деп.

Адам пенде еңбек етіп, тау
копарып, гүл еккен,
Асық болып, ғашық болып, жыр
төгетін жүректен.
Мынау жарық жалғандағы
таусылғанда дәм-тұзы,
Мәңгі орнын табады екен
қап-қараңғы түнектен.

Пенде-көңіл жалғыз ауыз жылы
сөзге семірген,
Жанға жылу іздейтұғын
тасыннан да темірден.
Жарық сүйгіш біздің қазақ
сондықтан да әрқашан,
"Алдың жарық болсын!" дейді
өткендерге өмірден.

Жарық күнді санап берген
өткізейік ән қылып,
Жарасайық жақсыларға жақын
жүріп, сән құрып.
Жарық күнде адамдарға жасай
алсан жақсылық,
Алдың жарық болады екен сол
түнекте мәңгілік!

ЖЫРАУЛАРША ТОЛҒАУ

Елім менің!
Асқақтатып арыңды,
Саған арнап барымды,
Жыр төгілтсем арынды.
Басыңнан жау аттатпай,
Намысыңды таптатпай,
Құрбан етсем жанымды.

Елім, анам тәріздім,
Дәстүр-салтың бар ізгі.
Анамдайын аялап,
Құшағыңды саялап.
Ата салтқа адал боп,
Бұлғанбаса ар ізгі.
Өтегенім деп білем,
перзенттік парызды.

Көріп көктем, күздерді,
Күлкі жайлап жүздерді.
Жүректерде ешқашан,
Бермесе екен сөз белгі.
Аруанасың, Туған ел,
Ботаң-менмін өзіңнің.
Ойсылқара-піріміз,
Боздатпасын біздерді.

Сен шалқыған шақтарда,
Сен күрсінген шақтарда.
Мен ұлың боп жарпасам,
Парызымды ақтарға.
Мен Елім деп тебіренсем,
... Сен ұлым деп еміренсең-

ЖІГІТТЕРГЕ

Өмір сырын мықты болсаң біліп
көр,
Өздігінен ұсынбайды ол күліп төр.
Өзім бәрін жасап алам дей көрме,
Тағдыр дейтін патшаңыз бар,
жігіттер!

Талқан болып армандар мен
үміттер,
Көбейеді дұдамал мен күдіктер.
Ақиқатпен алам деме асуды-
Өтірік атты елімтік бар жігіттер!

Өмір-бәйге, бақ сынасқан
күліктер,
Барлығы да бас жүлдеден үміткер.
Құлагермін деп ойласаң өзінді-
Батырашты ұмытпаңдар, жігіттер!

Жарқын шақта рахаттана күліп
көр,
Қасапшы- уақыт бәрін өзі
жіліктер.
Бірақ естен шығармаған дұрыс
болар,
Күлкі барда жылау барын,
жігіттер!

Болсаң егер өр намысты, білікті
ер,
Жасықтықты жігеріңмен тіліп
кер!
Жарық дүние мәңгілік деп
ойлама,
Күн бар жерде түнек те бар,
жігіттер!

Өмір солай, ұсынбайды күліп төр,
Сырын оның зердеңменен біліп
көр.
Бір-ақ тұтам мынау шолақ
ғұмырды,
Мәнді етуді ойланайық, жігіттер!

Бел-белестер, асулар асып өткен,
Жол-сокпақтар артыңда басып
өткен.
Өмір дейтін- қас қағым өткен
шағың,
Тіршіліктің бар мәні осы деп пе
ең?!

Байлық, бақыт Жаратқаннан
нәсіп еткен,
Ызғарлы шақ өкпенді тесіп өткен.
Қырау қатқан жүрекке қаралы
сәт,
Бақытты шақ жалындап есі
кеткен.

Туған елін құшағын бесік еткен,
Алақаны самалдай есіп өткен.
Аяғыңнан тұзақпап, ұзатпаған,
"Достарың ба" дұшпандай өші
кеткен?!

Солай, досым, көп көргем, тесік
өкпем,
Ғашық ем ғой Өмірге есі
кеткен!
Уайымсыз, алаңсыз күн өткеру-
Мынау келте ғұмырдың бәсі деп
пе ең!

ЖАРЫҚ ПЕН ТҮНЕК

Жарық күнді қара түн кеп
алмастырса-қамықпа,
Пенде тоқтау бола алмайды
шыр айналған уақытқа.
Өмір осы: ақ пен қара
алмасатын тынымсыз,
Қара түнек жол береді ақ
шұғыла, жарыққа.

Тағдыр атты құбылысқа
тағатұғын сын бар ма,
Өмірді де өлшеп берген пенде
дейтін мундарға.
Марғауланып, ұйқы басып
қауышамыз түндермен,

Мына жалған дүниеде
Одан асқан бақ барма?!
Одан асқан бақ барма?!

Пенденсіне жіберген иесі көктен,
Өтер ғұмыр біздерге нәсіп еткен...
Сондықтанда киелі абыздарым,
"Жалған дүние, жалған-ай",-
десіп өткен.

